

**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
КЕАҚ «ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»**



**КЕАҚ «ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»  
ЖЫЛЖЫМАЛЫ МУЛКІН САТУ БОЙЫНША АУКЦИОНДАР ӨТКІЗҮ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда, 2022 ж.

*[Handwritten signatures]*

## МАЗМҰНЫ

1.	ҚОЛДАНУ САЛАСЫ
2.	ҚЫСҚАРТУЛАР, БЕЛГІЛЕР, ҰФЫМДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР
3.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
4.	МУЛІКТІ АУКЦИОНҒА ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ
5.	САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫНДЫҚ
6.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

## **1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

KEAK "Қорқыт Ата атындағы Қызылордауниверситеті" жылжымалы мүлкін сату бойынша аукциондар өткізу ережесі (әрі қарай-Ереже) Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 мамырдағы №415-11 "Акционерлік қоғамдар туралы", Заңына сәйкес «Ақпараттық-есептеу орталығының» Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, 2014 жылғы 5 мамырдағы "Мемлекеттік мұлік тізілімінің веб-порталында мұлікті сату бойынша электрондық сауда-саттық өткізу регламентіне" (№65 Хаттама) сәйкес әзірленді, («Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі №802 қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын" мемлекеттік мұлікті есепке алу саласында бірыңғай оператор болып айқындалды, ол Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 200 бабының 9 тармағына) және KEAK "Қорқыт Ата атындағы Қызылордауниверситеті" (әрі қарай қоғам) Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады және қоғамның жылжымалы мүлкін сату тәртібін реттейді.

## **2. ҚЫСҚАРТУЛАР, БЕЛГІЛЕР, ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР**

1. Осы Қағидаларда Қазақстан Республикасының заңнамасында қолданылатын келесі негізгі ұғымдар, сондай-ақ анықтамалар, қысқартулар пайдаланылды:

- 1) ҚР АК -Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі;
- 2) ҚРЗ-Қазақстан Республикасының Заңы;
- 3) электрондық аукцион (бұдан әрі-аукцион) - тізілімнің веб-порталындағы қатысушылар өз ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;
- 2) аукцион залы-аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өндөу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;
- 3) аукциондық нөмір - ЭЦҚ болған кезде қатысушыға аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;
- 4) бағаны көтеруге арналған сауда-саттық әдісі-бастапқы баға алдын ала жарияланған қадаммен көтерілетін әдіс;
- 5) Мемлекеттік мұлік тізімнің веб-порталы (бұдан әрі - тізімнің веб-порталы) - сатушылардың электрондық дерекқорына және олар өткізетін мемлекеттік меншік, квазимемлекеттік сектор және мемлекеттік емес мұлік объектілеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын интернет-ресурс (бұдан әрі-дереккор);
- 6) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық әдісі-бастапқы баға жарияланған қадаммен төмендетілетін әдіс;
- 7) электрондық конкурс (бұдан әрі - конкурс) - қоғамның мүлкін сату бойынша сауда-саттық;
- 9) ең төменгі баға-сатылу объектісін одан төмен сатуға болмайтын баға;

- 11) бастапқы баға-тәуелсіз бағалаушының бағалау туралы есебін ескере отырып Қоғам белгілейтін баға;
- 12) сатушы- Қоғам;
- 13) сатылу объектісі - сатушының сауда-саттықта шығарған мүлкі;
- 14) ұйымдастырушы-тізілімнің веб-порталында сауда-саттықты өткізу бойынша электрондық қызметтер көрсету туралы қоғаммен шарт жасасқан "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамы;
- 15) жеңімпаз-конкурс шарттарына сәйкес келетін сату объектісі үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған және сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған аукционға қатысушы;
- 16) сатып алушы-сатып алу-сату шартына қол қойған сауда-саттық жеңімпазы;
- 18) бастапқы баға - әрбір сату объектісі бойынша сауда-саттық басталатын баға;
- 19) ағымдағы баға-сату объектісінің аукцион барысында қалыптасатын бағасы;
- 20) сауда-саттық -мүлікті сатудың түрі;
- 21) сату бағасы-сату объектісінің сауда-саттық нәтижесінде белгіленген түпкілікті бағасы;
- 22) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦК) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2. Осы ережеде арнайы айқындалмаған кез келген терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түсіндірілуге жатады.

### **3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 3.1. Сатушы мүлікті сатуды осы Ережеде айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.
- 3.2. Аукционға меншік құқығында қоғамға тіркелген мүлік шығарылады.
- 3.3. Қоғам сауда-саттықта сатылатын мүлікті қорғауды, бақылауды қамтамасыз етеді және меншік құқығы сатып алушыға өткенге дейін оның сақталуынжәне мүлік жөніндегі мәліметтердің дұрыстығына жауап береді.
- 3.4. Мүлікті аукционға шығару туралы шешімді мүлікті аукцион арқылы өткізу жөніндегі комиссия қабылдайды.
- 3.5. Қоғам комиссияның қызметін реттейтін құжатты өз қалауы бойынша әзірлейді.
- 3.6. Қоғам сауда-саттыққа қатысушы ретінде қатыса алмайды.
- 3.7. Аукцион екі әдіспен өткізіледі: бағаны көтеру және бағаны төмендету.

3.8. Аукцион: электрондық аукцион нысанында, АЕО АҚ тізілімінде веб-порталы арқылы не қоғамның сайты арқылы қағаз нұсқада өткізіледі. Қоғам аукционды өткізу нысанын дербес белгілейді.

#### **4. МУЛІКТІ АУКЦИОНҒА ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

4.1. Қоғамның функциялары:

- 1) "Бағалау қызметі туралы" ҚРЗ сәйкес сауда-саттықта сатылатын мүліктің құнына бағалау жүргізуді ұйымдастыру;
- 2) ұйымдастырушымен электрондық қызметтер көрсетуге келісім шарт жасасу;
- 3) сауда-саттыққа дайындықты жүзеге асыру және аукционды өткізу барысын қадағалау;
- 4) сауда-саттықта сатылатын мүлікке әлеуетті қатысушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 5) сауда-саттыққа шығарылатын сату объектісі туралы мәліметтердің анықтығын қамтамасыз ету болып табылады;
- 6) сауда-саттық жеңімпазымен сатып алу-сату келісім шартын жасасу және оның орындалуын бақылау;
- 7) ұйымдастырушымен және сатып алушылармен сауда-саттық өткізу рәсімдеріне және олардың нәтижелеріне байланысты есеп айырысуларды жүзеге асыру;
- 8) өткізілуі тиіс сатылу объектісін сауда-саттықтан шығару туралы шешім қабылданғанға дейін, кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей;
- 9) ұйымдастырушыдан консультациялық көмек алу;
- 10) ұйымдастырушыдан қоғамның сауда-саттыққа шығарған сату объектісі туралы тізілімнің веб- порталында орналастырылған ақпаратқа өзге жеке және заңды тұлғалардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуді талап етуге міндettі;
- 11) ұйымдастырушыдан сауда-саттыққа қатысуға арналған электрондық өтінімдер мен оларға қоса берілетін электрондық құжаттардың сақталуын, сондай-ақ олардың құпиялышының қамтамасыз етуді талап етуге міндettі;
- 12) сатуды жүргізу үшін қажетті басқа да іс-шараларды өткізу;
- 13) веб- порталтізілімде аукционды өткізуге кедергі келтіретін техникалық бұзылу фактісі тіркелген жағдайда, ұйымдастырушы техникалық бұзылуды түзеткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде веб- портал тізілімде ақпаратты орналастыру арқылы аукционға қатысқан қатысушыларды осы аукционды жалғастырудың күні мен уақыты туралы міндettі түрде алдын ала хабарлай отырып, ұйымдастырушының аукционды жалғастыру арқылы өткізуін қадағалауға; веб- портал тізілімінде көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жолдау.

## **5. САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫНДЫҚ**

5.1. Сауда-саттықты өткізуге дайындықты Қоғам осы Ережеге сәйкес келесі тәртіппен жүзеге асырады:

1) сатылу объектісі бойынша қажетті материалдарды жинау жүргізіледі;

2) сауда-саттық объектісін бағалау деректеріне негізделген сату объектісінің бастапқы бағасы айқындалады;

3) әрбір сатылу объектісінің сауда-саттығының нысандары мен әдістері айқындалады;

4) сауда-саттықты өткізу мерзімдері белгіленеді;

5) жылжымалы мұлік аукционын өткізу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Облыстық әкімшілік полиция департаментінен, тізілімге тапсырылғаны және салық берешегінің жоқтығы туралы анықтаманы ұсынуға міндettі. Сондай-ак, халыққа қызмет көрсету орталығынан жылжымалы мұлік кепілінің тізілімінде жылжымалы мұліктің жоқтығы туралы анықтама ұсынады.

5.2. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама жарияланғанға дейін комиссия ұйымдастырушы тізілімінің веб-порталдағы тізілім дерекқорына әрбір лот бойынша мынадай ақпаратты енгізуі қамтамасыз етеді:

1) 1 қосымшаға сәйкес сату объектісі бойынша мәліметтер;

2) сату объектісінің орналасқан жері;

3) сату объектісінің меншік иесі туралы мәліметтер (пошталық мекенжайы, телефоны, факсы, e-mail);

4) сатылу объектісін бағалау туралы мәліметтер (бағалау күні, бағалау құны, бағалаушының атауы);

5) ауыртпалықтардың (тыйым салулардың) жоқ екендігі туралы мәліметтер;

6) комиссияның шешімі бойынша қосымша ақпарат.

5.3. Комиссия енгізілген ақпаратқа қосымша деректер базасына келесі құжаттардың сканерленген көшірмелерін енгізуі қамтамасыз етеді:

1) сатылу объектісін бағалау туралы есебі;

2) сатушының сату объектісіне меншік құқығының болуын растайтын құжат;

3) саны 5 данадан кем емес техникалық жай-күйін сипаттайтын сатылу объектісінің фотосуреттері.

5.4. Веб- порталдағы тізілімінің сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін комиссия әрбір сату объектісі бойынша қосымша қазақ және орыс тілдерінде мынадай мәліметтерді енгізеді:

1) сауда-саттық күні мен уақыты;

2) сатылу объектісінің атауы;

3) сауда-саттықтың нысаны мен әдісі;

4) сатылу объектісінің бастапқы бағасы, ал бағаны төмендету аукционын өткізу кезінде сатылу объектісінің ең төменгі бағасы;

5) кепілдік жарнаны аудару үшін ұйымдастырушының банктік деректемелері;

- 6) конкурс шарттары, сондай-ақ осы сауда-саттыққа қатысушыға және/немесе мүлікті сатып алушыға қойылатын қосымша талаптар;
- 7) өтінімдерді қабылдау мерзімдері;
- 8) ұйымдастырушының мекенжайы және телефоны;
- 9) қоғамның телефоны және мекен-жайы;
- 10) комиссияның шешімі бойынша қосымша ақпарат.

5.5. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама сауда-саттық өткізілгенге дейін кемінде он бес күнтізбеліккүн бұрын веб-порталында тізілім орналастырылады. Комиссияның сауда-саттықты өткізу туралы хабарламасына өзгеріс енгізілген жағдайда, сауда-саттықты өткізу күні кемінде күнтізбелік он бес күнге ауыстырылады.

5.6. Егер сату объектісін сатып алу үшін заңнамаға және өзге де жағдайларға сәйкес конкурсқа қатысушының қажетті рұқсаттар мен келісімдерді алуы үшін қосымша уақыт қажет болса, сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаларды жариялау мерзімдерін комиссиямен ұзартылуы мүмкін.

5.7. Сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін комиссия барлық ниет білдірушілердің сату объектісіне еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

5.8. Сауда-саттықта жеңімпаз деп танылған қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатады және сатушы тізілімнің веб- порталында ЭЦҚ-мен кепілдік жарнаны аудару өтінішіне қол қойған күннен бастап Ұйымдастырушы үш жұмыс күні ішінде сатушының шотына аударады.

5.9. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде қоғам осындай жағдайлар және олардың себептері туралы хабарламаны ұйымдастырушының және сауда-саттыққа қатысушының электрондық поштасына дереу жібереді, сондай-ақ міндеттемелерді орындаудың баламалы тәсілдерін іздестіріп және іске асыруды жүзеге асырады.

## 6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Сатып алу-сату келісім шарты сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей сатып алу-сату келісім шартын жасасудың негізі ретінде сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға сілтемені көрсете отырып, қоғам мен сатып алушы арасында жасалады.

6.2. Қоғам сатып алу-сату келісім шартында сатып алушының сату объектісіне меншік құқығы төлем толық төлегеннен кейін пайда болатындығы туралы талапты көрсетеді.

6.3. Жеңімпаз сатып алу-сату келісім шартына қол қойылғаннан кейін қоғамға салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, келесі құжаттардың көшірмелерін, болмаса көрсетілген құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорт немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама; ;

3) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттар, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспортын немесе жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін, бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

6.4. Сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысулар қоғам мен сатып алушы арасында жүргізіледі, бұл ретте сатып алушы есеп айырысуларды мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) аванстық төлем сатып алу-сату келісім шартына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде объектіні сату бағасының кемінде 15% - ы мөлшерінде енгізіледі. Аванстық төлем сатып алушының сатып алу - сату келісім шарты бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету болып табылады. Кепілдік жарна тиесілі аванстық төлемнің есебіне есептеледі;

2) қалған сома тараптардың уағдаластығы бойынша, бірақ сатып алу-сату келісім шартына қол қойылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей енгізіледі.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы барлық есеп айырысулар сатып алу-сату келісім шартында көрсетілген қоғамның есеп айырысу шоты арқылы қолма-қол төлемей, есеп айырысу тәртібімен жүргізіледі.

Түпкілікті төлемнің мерзімі өткен жағдайда сатып алу-сату келісім шартын біржакты тәртіппен бұзуға жол беріледі. Түпкілікті төлемнің мерзімі өтіп кетуі салдарынан сатып алу-сату шарты бұзылған кезде аванстық төлем қайтарылмайды.

6.5. Сату объектісін беру сатып алушы сатып алу-сату келісім шарты бойынша сату бағасын толық төлегеннен кейін жүргізіледі.

6.6. Қол қойылған қабылдау-тапсыру актісі сатылған объектіге меншік иесін өзгерту туралы мемлекеттік тіркеу жүргізу үшін негіз болып табылады.

Жеңімпаз қабылдан алудан беру актісіне белгіленген мерзімде қол қоймаған жағдайда сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды.

6.7. Жеңімпаз 6.1-тармақта көрсетілген мерзімде сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамаға қол қоймаған жағдайда, немесе 2т. 6.3. пп тармағының бұзылса, онда қоғам тізілім веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды.

Сатып алушы 6.1-тармақта көрсетілген мерзімде сатып алу-сату келісім шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда сатып алушының сатып алу - сату келісім шарты бойынша міндеттемелерін орындауы немесе тиісінше орындамауы не сатушыға 6.2-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынбаса,

сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды және ЭЦҚ пайдалана отырып тізілімнің веб-порталы қалыптастырытын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды.

6.8. Бөліп-бөліп төлеу ықтималдылығы бөліп-бөліп төлеу шарттары сауда-саттыққа қатысушылардың назарына алдын ала жеткізілген жағдайлардаған жол беріледі. Бұл ретте бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының он бес пайызынан кем болмауға, ал бөліп-бөліп төлеу кезеңі үш жылдан аспауға тиіс.

6.9. Бөліп-бөліп төлеу кезінде бастапқы жарнаны сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде енгізеді. Одан кейінгі сомаларды енгізген кезде, әлі енгізілмеген сомаға сатушы пайыздарды ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сүйене отырып есептейді. Келесі сомаларды енгізу әр тоқсанда кемінде бір рет жүзеге асырылуы тиіс.

6.10. Егер сатып алу-сату шартында қамтамасыз етудің өзге тәсілі көзделмесе, төлемдерді уақтылы өтеуді қамтамасыз ету сатып алушы сатып алған мүлікке сатушының кепіл құқығы болуы мүмкін.

6.11. Объектіні бөліп-бөліп сату кезінде, егер сатып алу-сату шартында қамтамасыз етудің өзге тәсілі көзделмесе, тиісті тіркеуге жататын кепіл шартын бір мезгілде жасай отырып, бастапқы жарнаны төлегеннен кейін сату объектісін қабылдап алу-беру актісіне қол қою арқылы жүзеге асырылады.

**КЕАҚ "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті"  
Жылжымалы мұлік сату Ережесінің  
№ 1 қосымшасы**

<b>№ п/п</b>	<b>көрсеткіштердің атауы</b>
1	маркасы, моделі
2	санаты КО
3	(ККМТН) тіркеу нөмірі
4	шығарылған жылы -
5	шанақ нөмірі
6	шасси нөмірі
7	түсі
8	қозғалтқыш көлемі, см. куб.

